

## 2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 370 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9- бабына сәйкес, Құрманғазы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде 2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мурзиев

Құрманғазы ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "26" желтоқсан

№ 370 қаулысымен бекітілген

## 2023 жылға арналған Құрманғазы ауданында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Каспий-Таңы" Өндірістік кооперативі	151	2	3
2	"Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің Нұржау жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	87	2	2
	"Атырау облысы білім беру басқармасының			

3	Құрманғазы ауданы білім бөлімінің Ғ.Мүсірепов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	90	2	2
4	"Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің Құрманғазы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	53	2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК